

«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК
Қамқоршылық кеңес отырысының
хаттамасы №4

Өткізу күні: 2026 жылғы 3 наурыз

Уақыты: 15:00

Өткізу орны: Эстетикалық бағыттағы гимназия, кітапхана

Қатысқандар: гимназия директоры, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қамқоршылық кеңес мүшелері

Қатысушылар саны: 13 адам

Күн тәртібі:

1. Мектептегі ақылы тамақтану бойынша жаңартылған ас мәзірін қарастыру және бекіту.

Бұл мәселе бойынша

Тыңдалды:

Д.М. Негметова – Әлеуметтік педагог: Мектеп әкімшілігі тарапынан ағымдағы оқу жылына бекітілген ақылы тамақтанудың ас мәзіріне біршама сапалық өзгерістер енгізілгенін хабарлады. Бұған дейінгі ас мәзіріндегі кейбір тағам түрлері оқушылардың сұранысы мен талғамына сәйкес келмегендіктен, білім алушылардың ұсыныстары мен қажеттіліктері негізге алына отырып, олар ас мәзірінен алынып тасталды. Олардың орнына балалардың тұтыну белсенділігі жоғары, денсаулыққа пайдалы тағам түрлері енгізілді.

Сонымен қатар, оқушылардың рационын дәрумендермен байыту мақсатында белгіленген күндердің ас мәзіріне қосымша жаңа піскен жеміс-жидектер мен кондитерлік өнімдер (бөлке нан) қосылды. Мектептің буфеттік өнімдері де толықтай жаңартылып, рұқсат етілген тағамдардың ассортименті айтарлықтай кеңейтілді. Әлеуметтік және тағамдық сапаны арттыру бағытында жүргізілген бұл реформалар барысында тамақтану құны өзгеріссіз сақталды. Ас мәзірі тек оқушылардың сұранысын қанағаттандыру мақсатында сапалық тұрғыдан толықтырылды.

Осы айтылған кешенді өзгерістерді балалардың игілігі үшін заңды түрде күшіне енгізу, оқушылардың дұрыс әрі сапалы тамақтануын бірлесе қамтамасыз ету мақсатында мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелерінен бұл бастамаға ресми түрде қолдау білдірулерін сұрады.

Тыңдалды:

Л.М. Сагидолла -мектеп мейірбекесі: Жауапты лауазымды тұлғалармен бірлесе отырып, жаңартылған ас мәзірі мен буфеттік өнімдердің сапасына кешенді талдау (мониторинг) жұмыстары жүргізілгенін мәлімдеді. Талдау қорытындысы бойынша, жаңадан енгізілген тағамдар мен өнімдердің калориясы, энергетикалық құндылығы және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға (Санитарлық қағидалар мен нормаларға) сәйкестігі заманауи мектеп стандартына толық сай келетіндігі дәлелденді. Өнім түрлерінің

көбеюіне қарамастан, баға саясатының тұрақты сақталуы әлеуметтік тұрғыдан тиімді екенін атап өтіп, Қамқоршылық кеңес мүшелерін бұл өзгерістерді қолдауға шақырды.

Сөз алды:

Калиев Асланбек- қамқоршылық кеңес мүшесі:

Кеңес мүшелері ұсынылған жаңа ас мәзірінің жобасымен, буфеттік өнімдердің жаңартылған тізімімен және мамандардың сараптамалық талдау қорытындысымен егжей-тегжейлі танысқанын жеткізді. Тамақтану бағасының өспей, сапа мен тағам түрлерінің артқанын жоғары бағалай отырып, мектеп әкімшілігінің сұранысын толықтай мақұлдады. Білім алушылардың дұрыс, теңгерімді және сапалы тамақтануын қамтамасыз ету бағытында енгізілген бұл өзгерістерге Қамқоршылық кеңес атынан бірауыздан қолдау білдірілетіндігін мәлімдеді.

Қаулы:

1. Білім алушылардың сұранысын ескеріле отырып әзірленген жаңартылған ас мәзірі бекітілсін.
2. Әлеуметтік қолдау және тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында мектептегі бір мезгіл ақылы ыстық тамақтың құны қолданыстағы деңгейде (өзгеріссіз) қалдырылсын.
3. Оқушылардың денсаулығына пайдалы әрі рұқсат етілген буфеттік өнімдердің жаңа ассортименті және олардың бекітілген құны мақұлданын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшы: 

